

## НАУРЫЗ – жылдың басы



Наурыз – жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің. Тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке.

Ауданның орталық алаңында Ұлыстың ұлы күніне арналған мәдени шара ұйымдастырылып өткізілді. Аудан тұрғындары мен қонақтарын бүгінгі Ұлыстың ұлы күнімен аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы құттықтады. Қазақ үйлер тігіліп, салт - дәстүрден көріністер қойылды. Бұқаралық спорт ойындарын ұйымдастыру бөлімі ұлттық ойындар ойнатып, жеңімпаздар марапатталып, бағалы сыйлықтар табысталды. Мәдениет қызметкерлерінің композициялық қойылымы қойылып, әсем әнмен, тәтті күй тарту етілді. Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін!  
**Өз тілшімізден.**



## Жетісу облысында Наурыз мерекесі аясында 5 мың ағаш отырғызылады



Жетісу облысында «Жаңару күні!» бұлақтың көзін ашу мен ағаш егуден басталды. Талдықорғанда өткен бұл экологиялық шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, ардагерлер, ерікті жастар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, түрлі мекемелердің ұжымдары, қала тұрғындары қатысты. Жалпы Наурыз мерекесі аясында өңірде 5 мың жас ағаш көшеттері егіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаев пен өңір ардагерлері дәстүрге сай алдымен қаланың шығысында орналасқан тоғайда бұлақ бастауының көзін ашты. Бұдан кейін «Көктем» скверінде жас ағаш көшеттерін отырғызу рәсіміне қатысты. Экологиялық шара барысында белгілі айттыс ақыны Айтақын Бұлғақов осы бұлақты мерекенің құрметіне «Наурыз» деп атауды ұсынып, бұл көпшілік тарапынан қолдау тапты.

Осы күні «Көктем» скверіне жапырақты және қылқан жапырақты 200 ағаш егілді.

Өздеріңізге белгілі, өткен жылдан бері Президенттің бастамасымен Наурыз мерекесі Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес он күн бойы атап өтіледі. Соған орай онкүндіктің алтыншы күні ағаш отырғызуға арналып отыр. Осы үлгі арқылы біз болашақ ұрпақты табиғатты аялауға, айналасын көгалдандыруға, Жер-Анаға мейіріммен қарауға үйретеміз. Жетісу өңірі – шыбық шаншысаң тал болатын, сулы-нулы жер. Сондықтан Талдықорғанды атына заты сай, ауасы таза, жасыл желекті қалаға айналдыруға барлық мүмкіндік бар.

Бүгінгі акция бір реттік шара емес. Біз облыс көлемінде көгалдандыру жұмыстарын жыл бойы жүргіземіз. Биыл өңірде 120 мың ағаш отырғызу жоспарланған, соның 5 мыңға жуығы Наурыз күндері отырғызылады, - деп атап өтті Б.Исабаев.

Экологиялық акцияға қатысушылардың бірі Нұрайжан Жапкөн – жастардың өкілі:

- Мен І.Жансүгіров атындағы колледждің бірінші курсына оқимын, колледждің президентімін. Өзім осындай қоғамдық жұмыстарға үнемі белсене қатысамын. Өлкеміздің табиғатын таза ұстау, көгалдандыру – бәріміздің ортақ міндетіміз. Ол үшін ағаштарды көптеп егудің маңызы зор. Бұл экологиямыз үшін пайдалы, - деді ол.

Наурызбен құттықтаған еңбек ардагері Мынавар Махмутова:

- Бүгін жұртшылықпен бірге бұлақтың бастау көзін ашып, ағаш еттік. Осы акцияға жастардың көптеп қатысқанына қуандым. Бұл олардың жауапкершілігі мен елжандылығын, қоршаған ортаға деген қамқорлығын танытады. Баршаларыңызды Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Жетісу – біздің ортақ үйіміз, сондықтан табиғатымызды аялай білейік, - деді ол.

Атап өтсек, «бұған қоса Талдықорғандағы «Ардагерлер» саябағында 50 ағаш егілді. Ал облыс орталығында биыл жалпы саны 12 мың көшет отырғызылады.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## 23 НАУРЫЗ - ТАЗАРУ КҮНІ!

### Жетісу облысында Тазару күніндегі экологиялық акцияға 15 мыңнан астам қатысты



Бүгін Жетісу облысының барлық елді - мекендерінде Тазару күніне орай сенбілік өткізіліп, оған жалпы саны 15 480 адам қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорғанда өткен сенбілікте облыс әкімі Бейбіт Исабаев, мәслихат депутаттары, мемлекеттік және бюджеттік мекеме-ұйымдардың қызметкерлері, жастар өкілдері, қала тұрғындары тазалық шараларын атқарды.

- Наурыз – еліміздің береке - бірлігін мен ынтымағының жарқын көрінісі. Наурыз айы басталғалы

мәдениетімізді, дәстүрімізді танытатын ұлттық киім киіп жүрміз. Бүгін бәріміз сенбілікке жақсы көңіл - күймен маңайымызды, орталық саябақты тазартуға келдік. Біз бұл саябақты балалар саябағы деп те атаймыз. Қаланың тазалығын сақтау, оған атсалысу – әрқайсымыздың күнделікті үлесіміз болуы керек, - деді Жетісу облыстық Іскер әйелдер кеңесінің төрағасы Римма Салықова.

Облыстық мәслихат депутаты Гүлназ Мұстапа да пікір бөлісті: - Наурызнама онкүндігінің Тазару күнінде бүкіл облыс болып сенбілік өткізілуде. Санитарлық тазалыққа



бәріміз де өз үлесімізді қосып жаттырмаймыз. Бүгінгі белгіленіп берген аумақты ғана емес, жалпы өзіміздің жүрген-тұрған жерімізді түгел, жалпы маңайымызды таза ұстап үйренуіміз керек. Сонда ауа да таза болады, жастарға да жақсы үлгі көрсетеміз. Айналамызды тазарту арқылы біз көңілімізді де, жүрегімізді де таза ұстаймыз, өмірімізде де, жұмысымызда да реттілік болады, - деді ол.

Сенбілікке қатысушы мемлекеттік қызметші Айгүл Шнырбаева да белсенділік танытты:

- Қоршаған ортаға деген қамқорлыққа, туған қаламызға туған үйіміздей қарауға балаларды отбасында жастайынан дағдыландыруымыз керек. Сондықтан осындай түрлі экологиялық акцияларды жиі-жиі өткізіп тұрған дұрыс. Бұл – ең алдымен біздің балаларымыздың болашағына деген қамқорлық, - деді Айгүл Қапсқазы.

Сенбілік аясында облыс аумағындағы 141 саябақ пен скверлерге санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді. 183 техника жұмылдырылып, 1 320 тонна қоқыс шығарылды.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## ТАЗАРУ КҮНІ!

### НАУРЫЗ - тазалық бастауы



«Наурызнама» тұжырымдамасының соңғы күні, Ұлыстың Ұлы күнін өткізген соң - «Тазару күні!» барлық аудандар сияқты біздің ауданымызда да болды. Аудан орталығы І.Жансүгіров ауылында «Тазару күніне» орай сенбілік өткізіліп, Наурыз мерекесінен кейін орталық алаңды тазалап, аудан орталығында 250 түп ағаш көшеттері отырғызылды. Бұл шара ауданымыздағы барлық ауылдық округтерде де жалғасты.

Ігі шараға аудан әкімі Берік Тынышбайұлы өзі бастап шығып, ауданның ардагерлері, мекеме, бөлім басшылары, мамандар және аудан жастары белсене қатысты.

Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбайұлы Наурызда ағаш отырғызуды ежелден халқымыз игі дәстүрге айналдырғанын еске салып, барша тұрғындарды Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтап, ақ батасын берді.

Айта кетейік, өңірде тазалық, көгалдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады.

**Л.ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ.**

## Жетісуда 3200 адам қатысқан "Наурыз керуені"



Наурызнаманың «Ынтымақ» күнінде Жетісу облысында «Наурыз керуені» мерекелік шарасы ұйымдастырылып, оған бір мезгілде 3 200 адам қатысты. Іс - шара барлық аудан-қалаларды қамтып, қатысушылар бейнебайланыс арқылы ортақ трансляцияға қосылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорғанның орталық алаңынан жылжи отырып, көшкеруенде түйеге, ат арбаға мінгендер, салт аттылар, жаяу жүргендер – ұлттық киім киген жалпы саны 1200-ден астам адам «Жастар» саябағына қарай жүрді. Көш керуеннің құрамында еңбек ардагерлері, мәдениет қызметкерлері, зиялы қауым, жұмысшы мамандықтар иелері, этномәдени және жастар бірлестіктерінің өкілдері, спортшылар, құсбегілер, итбегілер, еңбек ұжымдары, қала тұрғындары болды.

Керуенге қатысушылардың арасында Талдықорғандағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті колледжінің 1 курс

студенті Арыстан Мүсірепов те бар:

- «Жастар Ассамблеясы» филиалының мүшесімін. Бүгін Наурыз керуенінің құрамында Мелекеттік Туды ұстап жүру мәртебесі маған тигеніне шын жүректен қуандым. Орталық алаңнан «Жастар» саябағына дейін Туымызды тік көтеріп алып жүреміз. Наурыз – ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын ерекше мерекеміз. Сондықтан оған атсалысу – ортақ міндет, - деді ол.

Керуен көшін көруге келген тұрғындар да қуанышын жасырмай, пікір білдірді.

- Наурызға арнайы дайындалып, қазақша киімімізді киіп, орталық алаңға келдік. Балаларымыз жастайынан көзімен көріп өссін деп осындай ұлттық дәстүрлеріміз дәріптелетін шараға үш баламызды да ертіп келдік. Жыл сайын Наурыз мерекесінен қалмаймыз. Қазір салт-дәстүріміз жаңаша жаңғырып, тұрғындар бірер күн ғана емес күнделікті ұлттық киім кие бастағаны қуантады. Керуен

көші – халқымыздың бұрынғы ғұрпы. Бүгін соның куәсі болып отырмыз, - деді қала тұрғыны Ақмарал Ибақова.

Орталық алаңда керуенді Д.Рақышев атындағы филармонияның М.Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі ұлттық әуендермен шығарып салса, оларды «Жастар» саябағында «Жетісу сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблі жыры ашумен қарсы алды. Іс - шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Мұндай мерекелік шаралар облыстың барлық аудан-қалаларында өтті.

- Бүгін Сарқанда көш керуені орталық алаңнан бастап қала көшелерімен жүріп өтті. Мен де қалыспай, оған өз үлесімді қостым. Тұрғындарға мерекелік көңіл - күй сыйлап, өнерімізді көрсеттік. Барша халықты Наурыз мерекесімен құттықтаймын, молшылық, бақыт тілеймін, - деді сарқандық жастардың өкілі Шыңғыс Ерланұлы.

Ал, Кербұлақ ауданындағы Наурыз керуеніне 300-ден астам адам қатысты. Соның ішінде «Шежіре, өнер-тәлім отауы» әжелер үйірмесінің мүшелері де болды.

- Бүгін Кербұлақ ауданында ерекше шара өтіп, көш керуеніне қатыстық. Халқымыз қуанышқа көнелді. Ұлтымыздың салт-дәстүрлерін сақтауға, оны дамытуға Наурыздың қосатын үлесі зор. Өз Наурыз жыл сайын мерекесімен, берекесімен келсін, - деді ақ жаулықты ана Раушан Нұрғалымова.

Атап өтсек, 21 наурыз - Ынтымақ күнінің басты идеясы - адамдардың бір-біріне деген құрметін арттырып, бейбітшілік пен бірлікті насихаттау.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотосуреттерді түсірген:  
Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**



## "КӨШ КЕРУЕН" Наурыз шеруі ауданымызда

Наурызнаманың он күндігіне орай 21 - наурыз Ынтымақ күні болып бекітілген. Оның басты мақсаты - жалпы халық арасында бір-біріне деген сый құрметті арттырып татулықпен бірлікті насихаттау. Думанды мерекенің басты ерекшелігі "Көш керуен" Осы орайда, аудан орталығында 21 - наурыз күні сағат 11:00 де «Көш керуені» Е.Сықымов стадионынан бастау алып, орталық алаңға дейін ұйымдастырылды. Көште театрландырылған керуен жүріп өтті. Оған батырлар, дәстүрлі әншілер, әжелер, бишілер, сонымен қатар, ат үстіндегі батырлар, құмай тазылар, жұмысшы мамандық жылына орай арнайы шеру жүріп өтті. Жалпы аудан бойынша шеруге 350 адам қатысты.

Өз тілшімізден.



Жетісу облысында Наурызға арналған мерекелік шараларда биыл мерейтойы аталып өтілетін тарихи тұлғалардың еңбегі кеңінен дәріптелді. Атап айтқанда, Талдықорғандағы «Жастар» саябағында 190 жылдығына орай «Бақтыбай Жолбарысұлы ауылы» және «Шоқан Уәлиханов ауылы», 180 жылдығына орай «Абай Құнанбайұлы ауылы», 120 жылдығына орай «Қанабек Байсейітов ауылы», 95 жылдығына орай «Әнуар Әлімжанов ауылы», 80 жылдығына орай «Жұматай Жақыпбаев ауылы» және «Құман Тастанбеков ауылы» тігіліп, мұнда көрнекті тұлғалардың өмірі мен елге сіңірген еңбегіне арналған көрмелер ұйымдастырылып, театрландырылған көріністер қойылды. Сол сияқты Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Достық ауылы» киіз үйінде ұлт пен ұлыстар достығы паш етілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Өз Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» деген тақырыпта өткізілген Талдықорғандағы бұл мерекелік шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысты.

Саябақ сахнасындағы салтанатты шара Наурыз мейрамының мәнін ашатын театрландырылған көрініспен басталды. Жетісулықтарды осы күні мерекемен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтап, Наурызнама онкүндігін өткізудің мән-маңызына тоқталды. Бурабайда өткен IV Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, ортақ идеологиялық мақсаттар Наурыздың философиясымен үндесіп жатқанын жеткізді. Сол сияқты «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының жастарды қоршаған ортаға деген қамқорлыққа, еңбек құндылығын дәріптеуге үйрететін рөліне тоқталды.

- Наурыз мерекесі – бізге мыңжылдықтардан мирас болған халқымыздың айрықша мұраларының бірі. Наурызды мерекелеу аясында облысымыздың түкпір-түкпірінде 230-дан астам сан түрлі іс-шара өткізілуде. Наурыз күндері 5 мыңға жуық ағаш отырғыздық. Көмекке мұқтаж жандарға қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды. Мұндай шаралар жыл бойы үздіксіз жалғасып келеді. Бұл

## Жетісудағы Наурыз мерекесінде биыл мерейтойы атап өтілетін тарихи тұлғалар дәріптелді



– біздің Жетісу халқының ынтымағының айқын көрінісі, - деді Б.Исабаев.

Осы күні ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізілді, сондай-ақ, талдықорғандық жас спортшыларға футбол доптары таратылды. Сол сияқты «Талдықорған барысы» финалистерінің белдесуі және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті.

Бүгін футбол добына ие болғандардың ішіне М.Ломоносов атындағы №5 мектеп-лицейдің 5 «Ә» сынып оқушысы Мұрат Бағдәулетте бар.

- Біз отбасымызбен спортты жақсы көреміз. Ағам бокспен, інім каратэмен айналысады. Ал менің «Болашақ» мамандандырылған спорт мектебінде футболға қатысып жүргеніме бір жыл болды. Жазда жарысқа барамыз деп дайындалып жатырмыз. Бүгін футбол доптарын таратты. Бұл біз үшін мерекеге ерекше сыйлық болды. Болашақта еліміздің ұлттық құрамасында ойнағым келеді, - деді жас спортшы.

Қазақ халқының және облыста тұратын басқа да ұлт пен ұлыстардың этномәдени көрмесі, «Шеберлер ауылында» қала кәсіпорындарының қатысуымен

«Қазақстанда жасалған» көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жалпы бүгінгі Наурыз мерекесінің ұйымдастырылуы жайлы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов қысқаша айтып берді:

- Наурыз мерекесі Наурызнама тұжырымдамасына сай кең көлемде ұйымдастырылып отыр. Іс - шараларда Ұлыстың ұлы күнінің философиясындағы құндылықтардың бәрі қамтылды. Бүгін облыс орталығында мерекеге орай 21 киіз үй тігілді. Соның ішінде биыл мерейтойы атап өтілетін Жетісуда туған көрнекті тұлғалардың атымен аталған ауылдар да бар. Осы қайраткерлердің халық өнері мен мәдениетіне сіңірген еңбектерін барынша насихаттап, көпшілікке танытуды мақсат тұттық. Осылайша Наурыз мерекесі мерейтойлық жылды бастап берді деуге болады. Мұндай игі істер жалпыұлттық сананы қалыптастыруға, мәдени-тарихи мұраларымызды сақтауға ықпал етеді деп ойлаймын, - деді ол.

Мерекелік шараны тамашалауға келген қала тұрғындары да ой бөлісті:

- Бүгін кіші балам мен немеремді Наурыз мерекесіне арнайы алып шықтым. Наурыз тойының халық арасында қалай тойланатынын кішкентайынан көріп өссе, есінде жатталып қалады ғой. Сондықтан осындай көпшілік ортаны көрсетіп, халықтың салт-дәстүрін шамамыз келгенше үйде де ұғындырып отыруға тырысамыз. Бүгін мереке бар сән-салтанатымен керемет өтіп жатыр. Киіз үйлерді аралап көрдік. Ұлттық бұйымдар, ұлттық тағамдар көрмелерін тамашаладық. Көп көжеден дәм таттық. Көңіл күйіміз керемет. Барша жетісулықтарды Наурыз мерекесімен құттықтаймын, Ұлыс оң болсын, - деді талдықорғандық Әлия Оңғарова.

Аймерей Хайрулла, №28 ІТ мектеп-лицейінің 4 сынып оқушысы:

- Жасым 9-да. Оқу озатымын. Бүгін Наурызға қазақша көйлегімді киіп, әшекейлерімді тағып, әжеммен бірге келдім. Әрбір киіз үйдің алдында әжелер шашу шашып, балалар шашу тердік. Көрмелерден қолдан жасалған әдемі заттарды көрдік. Концерт тамашаладық. Наурыз мерекесі маған қатты ұнайды, - деді ол.

Мерекелік шара жергілікті өнер ұжымдарының «Наурыз шашу» концерттік бағдарламамен түйінделді.

Жалпы Наурызға арналған бұқаралық шаралар өңірдің барлық аудан-қалаларында кеңінен атап өтілді. Мәселен, Алакөл ауданында 8-10 жас аралығындағы балалар арасында 13 кг. салмақты көтеру сайысы өтіп, жеңімпазға қозы сыйға тартылды. Ал Сарқан ауданында ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды дәріптеу мақсатында 13-18 жас аралығындағы жасөспірім қыздарға арналған «Ханшайым - 2025» байқауы ұйымдастырылды.

Атап өтсек, бүгін Наурыз мерекесінің шаралары аяқталған соң қала тазалығын сақтауға үлес қосу үшін «Жастар» саябағына облыстық мәдениет саласының қызметкерлері тазалық жұмыстарын жүргізді. Тазалық шарасына 200-дей адам қатысты.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотосуреттерді түсірген: Женис  
ЫСҚАБАЙ, Жұмабай МҰСАБЕКОВ.**

## АЗАМАТТАР ЖАППАЙ КЕЛЕТІН ОБЪЕКТІНІҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН ПЕРСОНАЛДАРЫ МІНДЕТТІ:

### 1. Егер жарылғыш құрылғыға ұқсас бөгде күдікті зат табылса:

- басшының нұсқауы бойынша немесе өз еркіңізбен "102" телефоны бойынша - ИО - ның кезекші бөліміне (полицияға), "112" - Төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімшенің кезекші бөліміне объектінің атауын, оның мекенжайын, затты табу уақытын көрсете отырып болған оқиға туралы дербес хабарлау;

- құқық қорғау органдары, авариялық-құтқару қызметтері келгенге дейін өткізу режимін күшейту, мүмкіндігінше затты табу орнын қоршау, қоршауды орнату және күдікті затты табу орнына 100 м-ден жақын емес қолжетімділікті жабу;

- құқық қорғау органдары, авариялық-құтқару қызметтері келгеннен кейін олардың нұсқауы бойынша персонал мен келушілерді хабардар ету және эвакуациялау шараларын қабылдау;

Күдікті затқа қол тигізуге, оны өз бетінше ашуға, жылжытуға және бір нәрсемен жабуға, су құюға, механикалық әсер етуге, сондай-ақ заттың жанында радио және ұялы байланыс құралдарын пайдалануға Қатаң тыйым салынады.

Есіңізде болсын! Заттың сыртқы түрі оның нақты мақсатын жасыра алады. Жарылғыш құрылғыларға арналған камуфляж ретінде қарапайым сөмкелер, қораптар, ойыншықтар және т.б. қолданылады.

### Егер бөтен күдікті затты табу туралы ақпарат Сіздің жұмыс орныңызда келіп түссе:

- материалдық құндылықтар мен құжаттар орналасқан үй-жайларды жабу, қажет болған жағдайда оларды эвакуациялау шараларын қабылдау;

- құқық қорғау органдарының, авариялық-құтқару қызметтерінің өкілдері келгеннен кейін оларды жағдай туралы хабардар ету, күдікті затты анықтаған жерге қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету, одан әрі олардың нұсқаулары бойынша әрекет ету;

- нысанның одан әрі жұмысын қалпына келтіру мүмкіндігі туралы ақпарат алып, өзінің қызметтік міндеттерін орындауды жалғастырады.

2. Телефон арқылы объектіде жарылғыш зат қауіпі туралы хабарлама алған кезде:

- егер сіздің телефоныңызда нөмірді анықтау функциясы болса, анықталған нөмірді дәптерге жазыңыз;

- автоматты жауап (автоответчик) функциясы болған кезде оны іске қосыңыз және сөйлесудің барлық барысын сақтауға тырысыңыз;

- егер көрсетілген функциялар болмаса, әңгімені сөзбе-сөз есте сақтауға тырысыңыз, мүмкіндігінше оның мазмұнын қағазға жазыңыз;

- әңгіме барысында қоңырау соққан адамның жынысын, жасын, сөйлеу ерекшеліктерін белгілеңіз (дауыс, сөйлеу қарқыны, айтылу, сөйлеу мәнері және т.б.);

- дыбыстық фонды белгілеңіз (шу, дыбыстар, дауыстар);

- қоңырау сипатын белгілеңіз (қалалық немесе қалааралық);

- сөйлесудің нақты басталу уақытын және оның ұзақтығын белгілеңіз;

- басшының нұсқауы бойынша немесе өзіңіз "102" телефоны бойынша - ИО - ның кезекші бөліміне (полицияға), "112" - Төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімшенің кезекші бөліміне объектінің атауын, оның мекенжайын, затты табу уақытын көрсете отырып болған оқиға туралы дербес хабарлау;

- құқық қорғау органдарының, авариялық-құтқару қызметтерінің

## Террористік акт немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жасау қауіпі туындаған кезде террористік тұрғыдан осал объектінің басшылары мен персоналы үшін Нұсқаулық

өкілдері келгенге дейін оларды кейіннен эвакуациялау мақсатында объектінің персоналы мен келушілерін хабардар ету шараларын қабылдаңыз;

- материалдық құндылықтар мен құжаттар бар үй-жайларды жабыңыз, қажет болған жағдайда оларды эвакуациялау шараларын қолданыңыз;

- құқық қорғау органдарының, авариялық-құтқару қызметтерінің өкілдері келгеннен кейін оларды жағдай туралы хабардар етіңіз, объектінің аумағы мен үй-жайларына кіру мүмкіндігін қамтамасыз етіңіз, әрі қарай олардың нұсқаулары бойынша әрекет етіңіз;

- әрі қарай жұмысты жалғастыру мүмкіндігі туралы ақпарат алғаннан кейін, қызметтік міндеттеріңізді жалғастырыңыз.

Қазіргі уақытта телефон - кепілге алынған жарылғыш құрылғылар, адамдарды кепілге алу, бопсалау туралы ақпаратты қамтитын мәліметтерді хабарлау үшін жиі қолданылатынын ескерсек, мұндай белгіні назарсыз қалдырмаңыз!

### 3. Қауіп туралы ақпарат жазбаша түскен кезде:

Жазбаша түрде қауіп-қатерлер мекемеге пошта арқылы да, әртүрлі анонимді материалдарды (жазбалар, дискеттегі ақпарат және т.б.) табу нәтижесінде де түсуі мүмкін.

Қауіпті сипаттағы материалды алғаннан кейін құжаттың мазмұнымен танысқан адамдар тобын шектеу, сондай-ақ оны сақтау және құқық қорғау органдарына уақтылы ұсыну қажет.

#### Осы мақсатта:

- алынған материалды мүмкіндігінше мұқият ұстау керек, оны таза, тығыз жабылатын полиэтилен пакетке салып, тығыз папкаға салу керек;

- құжатқа саусақ іздерін қалдырмауға тырысыңыз;

- егер құжат конвертте түссе, оны ашуды конверттің шеттерін қайшымен мұқият кесіп, тек сол немесе оң жағынан жүргізу керек;

- барлық келіп түскен материалдарды сақтаңыз: құжаттың өзі мәтінмен, кез-келген тіркемелер, конверт және қаптама, ештеңені тастамаңыз;

- келіп түскен материалдар тігілмеуі, оларға тіркеу мөртаңбаларын қоюға, жазулар жазуға, мәтіндегі жекелеген орындардың астын сызуға, сондай-ақ оларды бүктеуге және майыстыруға тыйым салынады.

### 4. Объектіде террористік акт жасаған кезде:

Жарылғыш құрылғы жарылған кезде: - оқиға туралы Құқық қорғау органдарына дереу хабарлаңыз, жедел жәрдем шақырыңыз;

- адамдарды құтқару, эвакуациялау және қауіпті аймақтан шығару, зардап шеккендерге көмек көрсету және оларды емдеу мекемелеріне жіберу шараларын қабылдаңыз;

- жаппай дүрбелең пайда болған кезде көпшіліктен аулақ болыңыз, жалғыз қозғалуға тырысыңыз, ешқашан көпшілікке қарсы қозғалмаңыз;

- егер сіз көпшілікке тап болсаңыз, тұншығып қалмас үшін галстукты (шарф, мойын орнамал және т. б.) шешіп, қолыңызды қажетсіз заттардан босатыңыз, оларды шынтағыңызға бүгіңіз және денеге басыңыз, диафрагманы қорғаңыз, киімді барлық түймелерге бекітіңіз;

- көпшіліктің ішіндегі басты міндет-құламау. Бірақ егер сіз құлап қалсаңыз,

басыңызды қолыңызбен қорғап, аяғыңызды тез көтеріп, жерден тез ырғақпен тұруға тырысыңыз;

- бөгде адамдарды оқиға орнына жібермеңіз;

- қауіпті заттар табылған жағдайда қауіпті аймақты қоршауға және көлік пен адамдардың өтуіне жол бермеуге шаралар қолданыңыз;

- құқық қорғау органдары келгеннен кейін оларға жағдай туралы хабарлаңыз, - оқиға орнына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етіңіз, алдағы уақытта олардың нұсқаулары бойынша әрекет етіңіз;

#### 4.2. Кепілге алынған кезде:

- орын алған жағдай туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлаңыз;

- қауіпті аймақтан адамдарды алып тастау, қажет болған жағдайда зардап шеккендерге көмек көрсету және оларды емдеу мекемелеріне жіберу шараларын қабылдаңыз;

- өз бастамаңызбен террористермен келіссөздер жүргізбеңіз;

- құқық қорғау органдары, құтқару қызметтері, медициналық көмек автомашиналары қызметкерлерінің объектіге кедергісіз өтуіне шаралар қабылдаңыз;

- құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген кезде оларға қажет ақпаратты алуға көмек көрсетіңіз;

- егер қажет болса, қылмыскерлердің талаптарын орындаңыз, егер бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірмесе, қылмыскерлерге қайшы келмеңіз, басқалардың өміріне және өз өміріңізге қауіп төндірмеңіз; - шабуыл жасаушыларды қару қолдануға итермелейтін және адам шығынына әкелетін әрекеттерге жол бермеңіз.

#### 4.2.1. Егер Сіз өзіңіз кепілге алынсаңыз:

- ұсталған сәттен бастап әрекеттеріңізді бақылап, босатуға ықпал ететін барлық нәрсені сақтап алу қажет;

- құтқару мүмкіндігін арттыра отырып, ұтымды әрекет ету үшін эмоцияларыңызбен тез күресу өте маңызды;

- лаңкестерге қарсы болмаңыз немесе кедергі жасамаңыз, барлық әрекеттерге лаңкестерден рұқсат сұраңыз;

- өз өміріңізге және айналаңыздағы адамдардың өміріне қауіп төндірмеңіз, қылмыскерлердің талаптарын орындаңыз, ашуланшақтық пен дүрбелеңге жол бермеңіз;

- шабуылшыларды қару қолдануға итермелейтін әрекеттерге жол бермеңіз;

- егер Сіз жарақат алсаңыз, айналаңыздағы адамдардан көмек сұраңыз немесе тану арқылы қан кетуді тоқтатуға тырысыңыз;

- мұқтаж адамдарға көмек көрсетіңіз.

- атыс болған жағдайда бірден жатып, айналаңызға қараңыз, ең жақын баспананы таңдап, толық биіктікке көтерілмей оған жетуге тырысыңыз. Баспана ғимараттардың шығыңқы жерлері, ескерткіштер, бетон тіректер, бордюрлер, арықтар және т.б.;

- балаларды құтқару үшін шаралар қабылдаңыз, қажет болған жағдайда оларды денеңізбен жабыңыз;

- сондай-ақ, қылмыскерлердің мінез-құлқын бақылау, өзара сөйлесулерді мұқият тыңдау, рөлдердің бөлінуін есте сақтау қажет;

- кепілге алынған және қылмыскерлердің тұрған жері анықталған жағдайда, арнайы

қызметтер үй-жайда жүргізіліп жатқан өңгімелерді тыңдау үшін қолда бар техникалық құралдарды пайдалануға тырысады.

Мұны есте сақтаңыз және қарақшылармен немесе басқа кепілге алынғандармен сөйлескенде, шабуылды дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін ақпаратты хабарлаңыз. Кепілге алынған адамды қылмыскерден ажыратуға болатын жарқын және тартымды белгілер, қарақшылардың қарулануы, олардың саны, үй ішінде орналасуы, моральдық жағдайы мен ниеттері туралы ақпарат ерекше маңызды.

### 4.2.2. Арнайы қызметтермен кепілге алынғандарды босату операциясының жүргізілуі кезінде мынадай талаптарды мұлткісіз сақтаңыз:

- терезелер мен есіктерден алшақ, еденге төмен қарап жатыңыз, басыңызды қолыңызбен жауып, қозғалмаңыз;

- шабуыл кезінде қылмыскерлер көбінесе кепілге алынғандардың арасында жасырынуға тырысады, сондықтан шабуыл кезінде қылмыскерлердің қаруын алмаңыз;

- ешбір жағдайда арнайы қызметкерлерімен кездесуге немесе олардан қашпаңыз, өйткені сізді қылмыскерлер деп қателесуге болады;

- мүмкіндік болса, террористерден, сондай-ақ, есіктер мен терезелердің саңылауларынан аулақ болыңыз;

- егер қылмыскерлер кепілге алынған адамдарды өздерімен бірге алып кетсе, полиция қызметкерлері барлығына қолдарын бастарынан ұстауға бұйрық береді. Кенеттен қозғалыстар жасамау керек. Сәйкестендіру процедурасы өткенге дейін сақтық шараларын сақтау қажет.

### 4.2.3. Эвакуация туралы ақпарат алған кезде:

- құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен эвакуацияның басталуы туралы хабарлама алғаннан кейін, тыныштықты сақтау керек және асықпай, әбігерсіз олардың нұсқауларын ұйымдастырған түрде орындауға тырысу керек.

Егер эвакуация туралы хабарлама оқу орнында немесе жұмыс орнында түскен кезде:

\* оқулықтар мен қажетті керек-жарақтарды, құжаттарды, ақша мен құндылықтарды сөмкеге тез жинап, киініңіз;

\* құрдастарына немесе әріптестеріне көмектесу;

\* оқытушымен немесе әкімшілік өкілімен бірге ұйымдастырылып көшеге шығу;

\* ғимараттан алыс болыңыз;

\* үлкендердің, жауапты тұлғалардың рұқсатынсыз ешқайда кетпеңіз, үнемі назарда болыңыз, өз сыныбыңызды немесе қызметкерлерді ұстаңыз, өйткені ұжым мүшелерінің кейбір адамдардың белгісіз болуы жаппай истерия мен дүрбелең туыдыруы мүмкін;

\* эвакуация туралы хабарламаны алған кезде ғимаратта болған адамдар туралы дереу полиция қызметкерлеріне және мекеме әкімшілігіне хабарлаңыз;

\* алдағы нұсқауларды күтіңіз.

### 5. Өзге де төтенше жағдайлар туындаған кезде

- төтенше жағдайдың туындағаны туралы объектінің басшысына, өзге де жауапты тұлғасына хабарлаңыз, олардың нұсқауы бойынша немесе өзіңіз "102" телефоны бойынша полицияға немесе "112" телефоны бойынша объектінің атауын және оның мекен-жайын көрсете отырып, төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімшеге дербес хабарлаңыз;

- қажет болса, эвакуация жоспарына сәйкес адамдарды объектіден шығару үшін шаралар қолданыңыз.

## Электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау

Ойтоған ауылдық округінде әкім аппараты жұмысының ең маңызды тармақтарының бірі мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер қатарына: жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру және басқалар кіреді.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде уақтылы орындалады және тегін негізде көрсетіледі.

Ауылдық округте ең көп талап етілетін қызмет «Сауда» саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» болып табылады.

Халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында әкім аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары порталды пайдалану бойынша азаматтардың туындаған сұрақтарына жауап береді, электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде көрсетілетін қызметтерді алу туралы ақпарат береді.

Компьютермен жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше пайдаланушыларға көмек көрсетіледі. Оларға үйден шықпай-ақ барлық мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді.

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру және қол

жетімділік мақсатында мемлекеттік мекеме ғимаратында көрнекі ақпарат бар стэнд орналастырылған (көрсетілетін қызметтер тізімі, өтініш үлгілері, шағымдар журналы).

Округте мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша халықты ақпараттандыру бойынша тұрақты түрде түсіндірме өңгімелер, дөңгелек үстелдер және осы тақырып бойынша ауылдық жиындарда брошюралар мен парақшалар берумен жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық қызықтырған сұрақтарға жауаптарды мына телефондар арқылы ала аласыз: 8(728)2-70-50 Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігінің «Ойтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Ойтоған ауылы, Адилбеков көшесі, №13.

2025 жылғы 03 наурызда ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізушісі Күлшира Ақай тұрғындармен кездесу өткізді, кездесудің басты мақсаты электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау болды. Тұрғындарға «өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін ЭЦҚ алу қажеттігі туралы жеткізілді. Түсіндіру электрондық үкімет және электрондық қызметтер, электрондық-цифрлық қолтаңбаны қашықтан алу, бір реттік пароль арқылы қызметтерді алу сияқты тақырыптарға жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет — көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

## А.Ертаев жұмыс сапарымен Жетісу облысына барды

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев Жетісу облысына жұмыс сапары барысында үкіметтік емес ұйымдармен, арнаулы әлеуметтік қызмет алушылармен және оларды ұсынатын ұйымдардың жұмыстарымен бірқатар кездесулер өткізді, сондай-ақ азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Вице-министрдің жұмыс сапары Талдықорған қаласының әлеуметтік мекемелерін аралаудан басталды. Асқарбек Ертаев «Асар» спорттық-оңалту, белсенді ұзақ өмір сүру, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету мен «Жанұя» отбасын қолдау орталықтарының, аутизм және басқа да менталды бұзылыстары бар балаларға арналған күндізгі болу орталығы мен «Қамқор» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының қызметімен танысты.

Сонымен бірге еңбек вице-министрі «Теп Қодат» әлеуметтік қолдау орталығында болып, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесу өткізді. Асқарбек Ертаев 2024 жылғы желтоқсанда қабылданған 2030 жылға дейінгі ҚР инклюзивті саясат тұжырымдамасын іске асыру кезеңдері туралы айтты.

«Осы жылдан бастап Тұжырымдаманың 52 іс-шараны көздейтін 13 негізгі бағытын іске асыру бойынша жұмыс басталады. Салалық министрліктер мен жергілікті атқарушы ор-

гандар жауапты орындаушылар болып табылады. Жергілікті атқарушы органдарға 14 іс-шара бекітілді, оның ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтердің әлеуетті алушыларын есепке алу және мониторингілеу жөніндегі өңірлік картаны өзектендіру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдануды қоса алғанда, үлгілік жобалау-сметалық құжаттама негізінде оңалту орталықтарының құрылысын аяқтау және т.б. бар», – деп атап өтті Асқарбек Ертаев.

Сондай-ақ, кездесу барысында Әлеуметтік қызметтер порталын (бұдан әрі – Портал) жетілдірудің өзекті мәселелері қаралды. Бүгінгі таңда Порталда 938 оңалтудың техникалық құралдарын (бұдан әрі – ОТҚ) жеткізушілер, 31 мыңнан астам жеке көмекші қызметін, 756 ымдау тілі қызметін көрсетушілер, 129 санаторий-курорттық ұйым тіркелген. Жыл басынан бері Портал арқылы ОТҚ және қызметтермен қамтамасыз ету бойынша 127,8 мың іс-шара немесе қажетті қызметтердің 45,5% іске асырылды.

«Министрлік Әлеуметтік қызметтер порталын жетілдіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. ОТҚ бағасын көтеру, ОТҚ мен қызметтерді қолма-қол ақшаға айналдыру үшін мүгедектігі бар адамдармен жеткізушілердің сөз байласуына жол бермеу, жазғы кезеңдерде санаторий-курорттық ұйымдарда мүгедектігі бар адамдар үшін төсек-орындардың болмауы және т. б. мәселелерін шешу үшін кепілдік берілген соманы айқындау

әдістемесінің, жеткізушілерді орталықтандырылған тіркеудің және ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы ОТҚ мен қызметтерді жіберудің өзгерістері пысықталуда», – деп хабарлады Асқарбек Ертаев.

Сонымен қатар, әлеуметтік – техникалық сараптама қызметін енгізу мәселелері талқыланды.

«Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың Ұлттық ғылыми орталығын трансформациялау аясында әлеуметтік-техникалық сараптама қызметін енгізу жұмыстары басталды. ҰҒО базасында ОТҚ жөндеу, қызмет көрсету, жұмыс жағдайында ұстау үшін әлеуметтік-техникалық қызмет ұйымдастырылды. 4 пилоттық өңірде (Абай, Павлодар, Қызылорда облыстарында және Шымкент қаласында) әлеуметтік – техникалық комиссия құрылды», – деп хабарлады вице-министр.

Жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде мүгедектігі бар адамдарға берілетін жеке-леген техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарына әлеуметтік-техникалық сараптама ұйымдастыру және жүргізу қағидалары әзірленді. Сервистік цехта ОТҚ қажеттілігін міндетті бағалай отырып, ОТҚ-ны жалға беру, жөндеу және қызмет көрсету мәселелері пысықталуда.

ҰЕҰ-мен кездесуден кейін Асқарбек Ертаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

**Дереккөз: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты.**

## ОБЛЫС ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ



Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Кезекті қабылдауға жазылған үш тұрғын жер және тұрғын үй мәселелері бойынша жүгінді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сарқан қаласының тұрғыны, еңбек ардагері Н.Тазанова өзіне бір кездері пайға берілген жердің қазіргі даулы мәселесі жайлы баяндап, оны меншігіне қайтарып алғысы келетінін жеткізді. Мәселенің мәнісін анықтай келе, облыс басшысы бұл істің түбегейлі тек сот арқылы шешілетінін айтып, бұл ретте аудан әкімдігіне ардагерге құқықтық жағынан кеңес беріп, заңдық тұрғыда қолдау көрсетуді тапсырды.

Сол сияқты қабылдауда баспана мәселесін көтерген талдықорғандық екі тұрғынға тұрғын үй қатынастары туралы заңның талаптары түсіндірілді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

**Фотосуреттерді түсірген: Жәніс ЫСҚАБАЙ.**

### ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

## ЖЕТІСУ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ АПАТТАРДЫҢ КӨБЕЙУІ: Алаңдатарлық үрдістер мен алдын алу шаралары

Өңірдегі жол қозғалысының жағдайы күрделі күйінде қалып отыр: 2024 жылы жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) саны 2023 жылмен салыстырғанда 71,3%-ға өсіп, зардап шеккендер саны 69,3%-ға артты.

Өткен жылы жалпы саны 713 жол апаты тіркеліп, 1049 адам жарақат алды. Апаттар санының өсуіне қарамастан, қаза тапқандардың саны өзгеріссіз қалды — 138 адам (2023 жылмен салыстырғанда 2 адамға аз). Ең үлкен алаңдаушылық тудыратын мәселе — балалардың жарақаттануы. Көмелетке толмағандардың зардап шегу жағдайлары 62,5%-ға өсіп, 302 оқиғаны құрады (оның ішінде 12 бала қаза тауып, 290-ы жарақат алды).

Жетісу облысындағы жол апаттарының көпшілігі елді мекендерде орын алған — 501 жағдай. Сонымен қатар республикалық және облыстық маңызы бар тас жолдарда 212 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Ең көп апат Талдықорғанда орын алған (314 жағдай). Ауылдық аудандарда жағдай өртүрлі: Панфилов ауданында — 102, Көксу ауданында — 64, Кербұлақ ауданында — 42 жол апаты тіркелген.

ЖКО-ның негізгі себептері: Жылдамдықты арттыру — 161, Жол белгілерін елемей — 121, Жаяу жүргіншіге жол бермеу — 83, Маневр жасау ережелерін бұзу — 61.

Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі өңірде жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі өзекті мәселе болып отыр. 2024 жылы 216 жаяу жүргіншіні қағып кету оқиғасы тіркелген. Оның ішінде 22 адам қаза тауып, 206 адам жарақат алды. Балалардың қатысуымен болған

оқиғалар саны өсіп келеді — 95 көмелетке толмаған бала жолдан өту кезінде жарақат алды.

Жаяу жүргіншілерге қатысты ең көп жол апаты: Талдықорғанда — 110, Панфилов ауданында — 28, Ескелді ауданында — 20. Статистикаға сәйкес, апаттар көбінесе таңертең және кешкі уақытта орын алады: 07:00 - 09:00, 13:00 - 15:00, 18:00 - 22:00 аралығында.

Мас жүргізушілер мәселесі Жол қозғалысының қауіпсіздігіне тағы бір үлкен қауіп — мас жүргізушілер. 2024 жылы 645 жүргізуші көлікті алкогольді масаң күйде басқарғаны үшін ұсталды. Сонымен қатар 27 адам жүргізуші күәлігінен айырылса да, көлік жүргізуді жалғастырған.

Алдын алу шаралары Жағдайды тұрақтандыру үшін мемлекеттік органдар мен жол қозғалысына қатысушылардың бірлескен әрекеттері қажет. Жүргізушілерге жылдамдық режимін қатаң сақтау, жол ережелерін бұзбау, жаяу жүргіншілерге сақ болу және жол қозғалысы ережелерін қатаң ұстану қажет.

Тек ортақ жауапкершілік арқылы жол - көлік оқиғаларын азайтып, адамдардың өмірін сақтап қалуға болады.

### Айдын ТӨРЕБЕКОВ,

**Қазақстан Республикасы**

**Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және**

**арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу**

**облысы бойынша Департамент бастығы,**

**аға әділет кеңесшісі.**

## Бизнесі қорғау

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жаңа инвестициялық циклдің басталғанын хабарлады. Президент атап өткендей, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы проблемалар әсіресе, өңірлерде айқын байқалады.

Мемлекет басшысы елімізде қолайлы бизнес - климатты қамтамасыз етуді тапсырды, бұл экономиканы дамытуға қосымша ынталандыру болады.

Осыған байланысты «Прокурорлық сүзгі» енгізілді. Енді инвесторлардың қызметін шектейтін мемлекеттік органдардың кез келген тыйым салу шешімдері, салық органдарының инвесторлардың қызметіне және басқа да функцияларына тексеру тағайындау

туралы актілері мен шешімдері прокурорлармен келісілуге тиіс.

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаларды айқындайды.

Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттелді. Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу са-

тысында бизнесі заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас Прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез - келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqog.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

### Жайық МҰҚАНОВ,

**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу**

**облысы бойынша**

**Департамент бөлім бастығы,**

**әділет кеңесшісі.**

## Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай – ақ, тәртіпті қорғау үшін Прокуратураға тартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда. дене;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданған дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағым бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;

- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;

- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды. Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданған дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағым бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

### Мекежан ДАУЛЕТИЯР,

**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің**

**Жетісу облысы бойынша**

**Департаментінің өтініштерді**

**талдау және бақылау бөлімінің**

**прокуроры.**

# АҚЫННЫҢ ҚАЛАҒАН ЖӘДІГЕР

### (Илияс Жансүгіров әдеби музейінің экспонаттары туралы)

қолданған қара түсті, Германияда жасалған - «Мерседес» жазу машинкасы.



Сиясауыт (чернильница). Ақынның жазба жұмыстарына пайдаланған сиясауыты. Жиегі гүлдің өрнектермен өрнектелген.


Қорытындылай келе, музей Илияс ақынның өмірі мен шығармашылығын жинау, сақтау және насихаттауға арналғандықтан, ақынға қатысты әр зат музей үшін үлкен олжа болып табылады. Сонымен қатар, музей ұжымы ақын шығармашылығы кеңінен насихаттау жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді. Музейде жыл сайын ақынның туған күніне және қаза болған күніне арналған еске алу кештері ұйымдастырылып, көпшілік жиындар өткізіледі. Келушілер арасында шетелдіктер және еліміздің әр өңірінен меймандар бар. Жалпы, жылына кем дегенде 10 мыңға жуық көрермендер музейге келіп, құнды жәдігерлермен танысып тамашалап қайтады. Елдің ықыласына бөленген ақынның музейі бүгінгі таңда екі мәрте облыстық «Үздік музей» номинациясының жеңімпазы атанды.



1921-1924 жылдары Илияс Жансүгіров «Мамания мектебінің» басшыларының бірі Мәкей Еркінбековтің үйінде тұрыпты деген дерек бар. Ақын Мәкей ағамен екеуі елді аралап, Мұзбұлақ, Күреңбел тауларында ит жүгіртіп, құс салып, аң аулаған. Сол кісінің айтуы бойынша қылышынан қан тамған Сталиндік Кеңес өкіметі 30 жылдары жаппай қуғын сүргінді бастағаны белгілі. Осындай ел басына күн туған кезде Мейрман Ермектасов бас сауғалап Қытай асады. Өзімен бірге ақынның бір кездері сыйға тартқан жейдесі мен аманат еткен арабша төте қаріптегі қолжазбасын ала кетеді. Кейін Қазақстанға бұл жәдігерді ол кісінің жары Алтын апамыз 1958 жылы әкелген болатын. Ал, 1985 жылы Алтын жеңгеміз

қаламгер ақынның мұрасын Бекболат ағамызға табыстаған. Талай жылдар бойы сақталып келген киелі жейде, 2016 жылдан бастап І.Жансүгіров әдеби музейінің экспозициясында тұр.

Сондай-ақ, құнды жәдігерлер қатарына Илияс Жансүгіровтің өзінің қолының табы тиген 1936 жылы 11 шілде күні берілген төлқұжатын жатқызамыз. Музей қорына алынуына мұрындық болған Алматы облыстық Ішкі Істер Департаментінің ақпараттық-аналитикалық орталығы бастығының орынбасары полиция полковнигі Жанар Асылкөкқызы Тұрғанбекова. 80 жылдан кейінгі алғашында НКВД қабырғасында сақталынып кейін Ішкі Істер Департаментіне беріліп, сол жердегі құнды жәдігердің музей қорына алуы-



на себепкер болған көзі қарақты, көкірегі ояу, жанашырлық танытқан қызметкерлердің бұл игілікті ісіне тәнті боласың!

Паспорттың алғашқы мұқабасында Кеңес үкіметінің елтаңбасы және алты тілде жазылған паспорт деген сөз, келесі бетінде паспорт 1941 жылдың 11 шілдесіне дейін жарамды деген бөлім бар. Одан кейінгі жолдарда Джансугуров Ильяс деген келесі жолдарда 1894 жыл аул №4, Ақсу ауданы, Алматы облысы, ұлты қазақ, әлеуметтік жайы қызметкер, тұрғылықты жері Алма-Ата қаласы, келесі жол әскерге қатысы деген жерде әскерге қатысы жоқ, келесі жолда Илиястың өзінің қолтаңбасы, паспорттың ең төменгі жолында АЕН№503124 деген сан жазылған. Паспорттың 3-ші бетінде паспорт иесінің отбасы жазылған. Бірінші жолда ұлы 1930 жылы туылған Азат, екінші жолда қызы 1933 жылы туылған Үміт, үшінші жолда қызы 1935 жылы туған қызы Ильфа, төменгі жолда паспорт үстелінің бастығының қолы. Үшінші бетте түгелімен Илиястың аты-жөні, туған жылы, тіркелген жері жөніндегі мәлімет латын қарпімен жазылған. Қалған беттерінде Илияс жөніндегі мәлімет отбасы латын қарпімен толтырылған. Ең соңғы 31-ші бетте Илиястың тұрғылықты жері туралы мәлімет берілген.

Жазу машинкасы. Ақынның 1934-1937 жылдар аралығында

## ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ЕЛ АУЗЫНДА ЖИНАЛҒАН МҰРАЛАРЫ



зерттеу жинағына Илиястың өз аузымен айтқан өлеңдерін нотаға түсіріп, 19 халық әндерін енгізеді. Соның бірі Илияс өзі сүйіп айтатын «Шилі өзек, қамыс - ай» әні еді. Александр Викторович І. Жансүгіровтің дарынына тамсанып: «Илияс Жансүгірұлы – өзінің туған жері Жетісудың әндері мен күйлерін шебер орындаушы, қазақтың музыкалық творчествосын жоғары бағалайтын және білетін жас ақын және журналист» деп жоғары баға берген.

Қорытындылай келе, Илияс Жансүгіров – қазақ фольклорын жинаушы, зерттеуші әрі оны әдеби шығармаларында жаңғыртушы дарын иесі. Оның еңбектері халық мұрасының құндылығын көрсетіп қана қоймай, оны келешек ұрпаққа жеткізудің маңызын айқындады. Ақынның шығармашылығы қазақ фольклортану ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып, ұлттық әдебиетіміздің алтын қазынасына айналды.

«Ақынның аталған мұралары Талдықорған қаласындағы «Илияс Жансүгіров әдеби музейінің» қорында сақталып, Жетісуымыздың дүлдүл ақыны, жан-жақты талант иесі Илияс әлеміне саяхат жасағыларыңыз келсе, музейіміздің есігі сіздерге әрқашан ашық! Ақынның көзі көрген, қолының табы тиген түпнұсқа жәдігерлерге жақынырақ танысасыздар!»

**Аида ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ, І.Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.**



«Жинаушыдан» деп алғы сөз жазады. Әр өтіріктің астына жазып алынған адам есімін келтіріп отырады. («Мейрманның өтірігі» Омарбек ақыннан деп т.б)

«Музей қорындағы ақынның ел аузынан жинақтап шығарған еңбектері»

Бұдан бөлек Илияс Жансүгіров әдеби музейінің қорында ақынның мынадай ел аузынан жинақтап шығарған кітаптары бар: «Балаларға тарту» (Қазкөркем баспасы, 1928ж.), «Жұмбақ» (Қазкөркем баспасы, 1928ж.), «Шәркей» (Қазкөркем баспасы, 1928ж.), «Малта» (Қазкөркем

баспасы, 1928ж.), «Одақ» (Қазкөркем баспасы, 1929ж.), «Мін де шап» (Пьесалар. Қазкөркем баспасы, 1933ж.).

Фольклортанушы Илияс тек өзі халық мұраларын жинаумен ғана айналыспай, басқа да халық ауыз әдебиет мұрасын зерттеуші ғалымдарға да көмектескен. Мысалға, туған халқының өнеріне, ән-күйіне көп көңіл бөлген ақын Мәскеуде оқыған жылдарда атақты композитор А.В.Затаевичпен танысып етене араласып тұрады. Өнер иесі Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» деген

Кешегі тарихқа көз салсақ, 1937 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болып, жалған айыптармен сотталған және 1938 жылы ату жазасына кесілген қазақтың Құлагер ақыны Илияс Жансүгіров 1957 жылы толықтай ақталып, халқымен қайта қауышты. Оның атақ-абыройы қалпына келтіріліп, шығармалары қайтадан басылымдарға шыға бастады.

«Өз ұлын өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» деген Илияс Жансүгіровтің сөзі ақынның мұраларын жинақтап, ғылыми тұрғыда зерттеп, насихаттау қажеттілігін еске салады. Осы мақсатта қоғамдық ұйымдар мен жергілікті билік Илиястың музейін ашу мәселесін көтерді. Бұл ұсыныс қабылданып, ақынның 90 жылдық мерейтойы қарсаңында 1894 жылы үкіметтің арнайы қаулысымен Талдықорғанның қақ төрінен ақынның әдеби музейі ашылған болатын.

Бүгінгі таңда музейде Илияс Жансүгіровтің жеке құжаттары, баспа машинкасы, кілемі, жейдесі, плащы, таяғының макеті, дәм татқан ыдыстары, қолжазбалары, әр жылдары шығарылған кітаптары және зерттеушілердің еңбектері сияқты алты мыңнан астам құнды жәдігерлер сақтаулы.

Музейдегі ең құнды жәдігерлердің бірі – Илияс Жансүгіровтің өзі киген түпнұсқа жейдесі. Музей қорына Ақсу ауданы, Еңбек ауылының тұрғыны, айттыкер ақын Атамбаев Бекболат Қапашұлы 2016 жылдың 15 қыркүйегінде сыйға берген болатын.

«Ескіден келе жатқан ел әдебиеті – біздің қымбат қазынамыз. Оның күрделісі – сөз, оның неше алуаны – ауыз әдебиетімен бірге тараған. Оның түрлерінде де сан жоқ: ертегі, жыр, мақал, тақпақ, жар-жар, беташар, жұмбақ, жаңылтпаш, айтыс өлең, қара өлең, ата өлең, тау өлең, өтірік өлең, жоқтау, шежіре, билер сөзі, ақындар айтысы, тағы да толып жатқан ел сөзінің бұлақтары бар.

Бұлар сала-салаға бөлініп тексерілген жоқ. Бұл тексерудің тілге де, әдебиетке де көп пайдасы тиер еді. Бізге осы асыл қазынаны жиып, аршып, қорыту керек, ішіндегі керекті дәнін алу керек» - деп Илияс Жансүгіров 1934 жылы Қазақстан Кеңес Жазушыларының алғашқы съезінде жасаған «Қазақ Кеңес әдебиетінің бүгінгі күйі, келешектегі міндеттері» деген баяндамасында фольклористикаға байланысты өз пікірін білдіреді. Расымен де, Илияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, драматург қана емес, сондай-ақ қазақ фольклорының жанашыры, зерттеушісі болған тұлға. Ол халқымыздың ауыз әдебиеті мұраларын жинақтап, зерттеп, оны көркем шығармашылығында шебер пайдалана білген.

Илияс Жансүгіровтің шығармаларында халық ауыз әдебиетінің түрлі жанрлары – мақал-мәтелдер, ертегілер, жырлар, аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер кеңінен көрініс тапты. Жансүгіров халық шығармашылығын зерттеумен қатар, оны өз шығармаларында жаңғырта отырып, көркемдік тұрғыдан дамытты. Оның «Күйші», «Құлагер», «Дала» сияқты шығармаларында фольклорлық элементтер кеңінен пайдаланылды. Өсіресе, «Күйші» поэмасында қазақтың күй өнері, оның философиялық мәні мен тарихы халық аңыздары негізінде бейнеленген.

Ақын өзінің халық ауыз әдебиет үлгілерін жинауды бастауы жайлы былай дейді: «Сол уақытта Түркістанның оқу комиссиясы тарапынан ел әдебиетін жинауға айрықша бір көмәсие келген... Көмәсие... мені әдебиет жинауға қызметке алды. Мен жаздай ел ішінен көмәсиеге әдебиет жинау қызметінде болып, күзге көмәсиемен бірге Тәшкен келдім. Тәшкенде алғаш қазақ институты ұйымдастырған жылы екен. Оның жанындағы 2 жылдық оқытушылар дайындайтын курске түстім... орысша таңбаны сонда оқыдым».

Осылайша ақын ел аузындағы әдебиет үлгілерін жинап, фольклористика саласына көңіл беле бастайды. Мәскеу қаласындағы «Орталық кіндік» баспасынан 1927 жылы Илияс Жансүгірұлының құрастырған «Өтірік» атты еңбегі шығады. Кітаптың басына

"ЖАС ТІЛШІ - 2025" БАЙҚАУЫНА!

## Ұлт мұрасын ардақтаған қаламгер

Мұхаметәлі Найманханұлы Қазбанбетов - ел тарихын зерттеуге, мәдени мұраны сақтауға, ұрпаққа дұрыс бағыт - бағдар беруге үлкен үлес қосқан тұлға. Оның еңбектері ауданның тарихы мен географиясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Жазушының деректері ғылыми - зерттеу жұмыстарына да арқау болған. Ол тек жазушы ғана емес, халықтың өткенін сақтауға еңбек еткен шынайы іскер тұлға.

Мықты журналист, керемет жазушы болған Мұхаметәлі Найманханұлының «Қос үкі» және «Құрмет» әңгімелерін оқыдым.

«Қос үкі» әңгімесі қазақ халқының тарихи және мәдени мұраларын сақтаудың маңыздылығын, олардың қазіргі жағдайын суреттейді. Кеңес дәуірінде Ғали Ормановтың бастауымен Ақын Сараның құрметіне орнатылған ескерткіш болған. Алайда уақыт өте келе, қоғамда мұндай тарихи мұраларға деген немқұрайлылық пайда болған. Бұл жерде қазіргі қоғамның мәдени мұраға деген жауапкершілігі үлкен талқыға түседі.

Әңгімеде тек мәдени мұра жайлы ғана сөз қозғалмайды. Оған қоса ауылдағы әлеуметтік - экономикалық жағдайлары да айтылады. Ауыл азаматтарының ауылдың көркеюі үшін қосқан үлесі сөз болады және ауылдағы қиындықтар, экономикалық тұрақсыздық пен әлеуметтік мәселелерді атап көрсетеді. Шығарма оқырманды тарихқа, мәдениетке, әлеуметтік мәселелерге немқұрайлы қарамауға, ұлт мұраларын қорғауға шақырады.

Ал, «Құрмет» әңгімесінде Төкей Қасымбекқызы (шын есімі Төлеухан) жайлы айтылады. Ол еңбек жолын аудандық тұтынушылар қоғамында бастайды. Жас кезінде қаржылық салада тәжірибе жинап, білімін жетілдіреді.

Оның қабілетін аудан басшылары байқап, оны жоғары лауазымға ұсынады.

Төкейдың басты ерекшелігі - еңбекқорлығы мен табандылығы. Ол тек қаржы саласында ғана емес, қоғамдық жұмыстарда да белсенді болады. Тұрғындар оны үлгі тұтып, еңбегін жоғары бағалайды.

Мәтінде Төкейдың отбасы құндылықтарына да үлкен мән беретіні көрсетілген. Ол жары Асылханмен тату - тәтті өмір сүріп, балаларына да дұрыс тәрбие берген. Отбасының берекесі, татулығы әйел затына байланысты болғандықтан, Төкейдан үлгі алушылар көп болды. Отбасындағы береке мен тұрақтылық оның жетістіктерінің бір бөлігі ретінде сипатталады.

Ол кісі адал еңбек, табандылық және қоғамға пайдалы іс жасау арқылы құрметке бөленді. Төкейдың өмір жолы еңбекқорлық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Ол халық игілігі үшін қызмет етті. Осы ерен еңбегінің арқасында халық құрметіне бөленді.

Жазушы - тек көркем сөздің шебері емес, ол ұлттың жадын сақтаушы, рухани құндылықтарды ұрпаққа жеткізуші. Мұхаметәлі Қазбанбетовтың еңбектері арқылы өткен мен бүгіннің арасындағы байланыс сақталып, болашаққа жол ашылады. Оның шығармалары арқылы біз тарихымызды танып, ұлттық құндылықтарымызды бағалай аламыз. Осындай тұлғалардың еңбегін оқып, дәріптеу - бізге парыз. Мұхаметәлі Қазбанбетовтың шығармалары - тек өткеннің айнасы емес, болашақ ұрпаққа аманат етілген рухани қазына.

**Қарақат ОНАЛБЕК,  
«Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9-сынып оқушысы.**

Мұхаметәлі Қазбанбетовтың «Ардың ісі» шығармасы - қазақ халқының ұлттық рухын, тарихи жадысын, тілінің мәртебесін асқақтататын құнды туынды. Автор шығарма арқылы оқырманды ел мен жердің тағдырына немқұрайлы қарамауға, ұлт намысын қорғауға үндейді.

## АРДЫҢ ІСІ - адамгершіліктің биік өлшемі



«Ардың ісі» кітабын оқыған кезде менің санамда түрлі ойлар мен сезімдер пайда болды. Бұл шығарма адамгершілік, адалдық, ар - ұждан, әділеттілік іспетті қасиеттердің маңыздылығын тереңірек түсінуге көмектесті. Әр тарауын оқыған сайын өзімді кейіпкерлердің орнына қойып, олардың шешімдеріне ой жүгірттім. Олардың басынан өткен оқиғалар менің жүрегіме әсер етіп, өзімнің өмірімде де осы мәселелердің қаншалықты маңызды екенін ұғындым.

Шығармадағы кейіпкерлер арасындағы тартысты диалогтар, тарихи оқиғалар мен ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға деген ұмтылыс өте шынайы суреттелген. Әсіресе, қазақ тілінің тағдырына қатысты мәселелер, елдік пен еркіндік жолындағы күрес - бүгінгі күн үшін де өзекті мәселе. Автор өткеннің қателіктерін сабақ алып, ұлттық болмысымызды жоғалтпауға шақырады.

Кітапта көтерілген мәселелер бүгінгі қоғаммен де тікелей байланысты. Кейбір жағдайларда адамдар адалдықтан гөрі, жеке пайдасын ойлап кетеді. Бірақ бұл кітап маған шынайы құндылықтардың

уақытпен өзгермейтінін түсіндірді. Оқиғалар шынайы өмірден алынғандай әсер қалдырды, сондықтан оны оқу барысында өз өміріме келтіре отырып ойлан-дым.

«Ардың ісі» - әр қазақтың жүрегіне намыс отын себетін, рухани азық боларлық маңызды шығарма. Тарихын құрметтейтін, болашағына алаңдайтын әр азамат бұл кітапты оқып, ой түйеді деп сенемін.

Кітаптың тілі көркем әрі түсінікті. Әрбір сөйлем терең мағынаға ие, ал баяндау стилі оқырманды бірден баурап алады. Шығарманы оқу барысында мен көптеген даналық ойлармен таныстым, олардың әрқайсысы маған өмірлік сабақ болды.

Менің адамгершілік құндылықтарға деген көзқарасымды өзгертіп, өмірге басқа қырынан қарауға көмектесті. Әр адамға осы туындыны оқуды ұсынар едім, себебі ол жан дүниені байытып, рухани есуге септігін тигізеді. Бұл шығарма мен үшін тек оқылған кітап емес, жүрегіме із қалдырған шығарма.

Мұхаметәлі Қазбанбетовпен жерлес болғанымға қуанамын, әрі мақтан тұтамын. Жерлес атамыздай болашақта қазақ халқының тіл мәртебесін асқақтату менің арманым.

Мұхаметәлі Қазбанбетов кітаптарын барлық жерлестеріме оқуға кеңес беремін. Ал, әділетті қоғам құра алған, адал азаматын ардақтай білген жұрт қашан да озық ойлы, өз құндылықтарының қадірін білетін ұлт санатында болатыны белгілі. Сондықтан да ұлттық құндылықтарымызды қадірлей білейік.

**Ділдүр СЕКЕН,  
«Қаракемер орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ 10 - сынып оқушысы.**

Ақсу елі - қасиетті, киелі мекендердің бірі. Ақсудың елінен шыққан талай ақын - жазушылар, батырлар, би-лер, шешендер, күйшілер бар. Олардың қатарында мақтанышпен айтатын, дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров, жыр саңлағы Сара Тастанбекқызы, қобызшы Молықбай, тұйғын ақын Қуат Терібаев, суретші Исатай Исабаев, Құдаш Мұқашев та бар.

Киелі Ақсу жерінің даңқын шығарған дарынды ақындардан, жазушыларынан үлгі алып, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан жерлесіміз, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», КСРО және КР журналистер одағының мүшесі, «Ақсу өңірі» газетінің бұрынғы редакторы болған, қаламы қарымды жазушы-Мұхаметәлі Қазбанбетов. Қаламгердің шығармашылығымен танысу үшін кітапханаға бардым. Көкезек ауылындағы ауылдық кітапханадан М.Қазбанбетовтың «Кіндікқоңыр хикаясы», «Көкезекке көктем күліп келеді» атты кітаптарын алдым. Сол кітаптардың ішінен ерекше көзге түсіп, жүрегіме қуаныш сезімін ұялатқан шығарма - «Көкезекке көктем күліп келеді». Себебі, мен де көк шалғынды, табиғаты көркем Көкезек ауылының тумасы, тұйғын ақын Қуат Терібаев атындағы орта мектептің 10 - сынып оқушысымын. Менің туған жерім туралы жазбаны қуанышты сезіммен, жылдам, қызығушылықпен оқып шықтым.

«Көкезекке көктем күліп келеді» шығармасы бірнеше бөлімдерден тұрады. «Жорықты жылдар», «Майдандастар», «Шадайдағы атыс», «Кітап кейіпкерелері», «Жайлау төрінде», «Туған жердің топырағы», «Батағай», «Жұрт атаған жүзжылдық». Шығарманың басты кейіпкері - Көкезек ауылының тумасы, Ұлы Отан соғысының ардагері - Дүйсеменов Нүсіпбек атамыз.

Әр бөлімді оқи отырып, жерлес атамыздың ерлігіне тәнті болдым. Нүсіпбек атамның қарапайым отбасында дүниеге келіп, Ұлы Отан соғысына қатысып, талай ерлік көрсетіп, соғыс аяқталған соң туған жеріне

## Шығарманы оқығаннан кейінгі ой...

оралып, қажырлықпен еңбек еткенін суреттеп жазған. Дүйсеменов Нүсіпбек атамыз бала кезінде де анасына көмектесіп, Қарағаштан отын тасыған кезде бір қасқырға кезігіп, жылқышының көмегімен аман қалғаны баяндалған. Бірінші бөлімде Ақсу, Қапал өңірлерінің қызықты тарихтары туралы сыр шертілген. Қарағашта білім алған жерлесіміз, Жетісу өлкесінің оқу - ағарту ісін басқарған Мейірман Ермектасов туралы оқиғамен таныстым. М.Ермектасовтың аман қалуына көмектескен - Нүсіпбек Дүйсеменов еді. Мейірман Ермектасов білім саласына көп еңбек сіңірген, балалар үйін ашып жетім балаларды қамқорлыққа алған тұлғаның бірі. Ақын Қуат Терібаевпен бірге жүріп, араласып, дос болғаны да айтылған. Кітапты оқи отырып байқағаным, Нүсіпбек атамның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жорықтары әсерлі жазылған.

«Майдандастар» бөлімін оқи отырып, көз алдыма сұрапыл соғыс жылдары, зардап шеккен отбасы, жетім, жесір қалған ана мен бала тағдырлары елестеді. Ең қызықтысы, Нүсіпбек атамды жазушы Әзілхан Нұршайықов, Тахауи Ахтанов, қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметовамен майдан даласында бірге болған. Майдан шебінде талай жерлерді қорғап, жаулардан елді - мекендерді азат етуге қатысып, Ұлы Жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты. Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың естелігінен үзіндіні оқи отырып, қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова туралы, ерлігі туралы деректермен таныстым. «Шадайдағы атыс» бөлімінде соғыс жылдарынан кейінгі оқиға баяндалады. Ақсудағы қылмыстың ашылуына да Нүсіпбек атамның септігі тиген. Соғыс жылдарынан кейінгі ауылдың тұрмыс - тіршілігі әсерлі суреттелген.

Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлес ардагерлер туралы да көптеген мәлімет алуға болады, еліміздің жарқын болашағы, бейбітшілікті, жеңісті жақындатуға өмірлерін арнаған ардагерлер туралы білу, тағзым ету - біздің парызымыз. Біздер, жастар, бейбіт, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымыз - осындай ер жүректі аталарымыздың арқасы деп білемін. Соғыс аяқталған соң, ауылдық гүлденуіне үлес қосқан, еңбек еткен, сонымен қатар, бата берудің шебері болған Нүсіпбек ата туралы естеліктер қызықты, әсерлі жазылған. Жауынгер, соғыс ардагері Нүсіпбек Дүйсеменов атамның 100 жылдық мерейтойы аталып өтті, осы мерейтой қарсаңында біздің мектепте АӘД кабинеті ата атымен аталып, ұрпақтары талапқа сай безендіріп, үлкен ас берілді. 100 жылдық мерейлі тойға сәйкес, Көкезек ауылында көше аты берілді, сол көшенің бір тұрғыны - менмін. Биыл Ұлы Жеңіске - 80 жыл. Батыр аталарымыздың ерлігі - бізге үлгі - өнеге.

Жерлесіміз Мұхаметәлі Қазбанбетовтың шығармасын оқи отырып, туған елім, жерімнің терең тарихын білдім, ауылдан шыққан батыр атамыз туралы қызықты, тың деректермен таныстым. Бұл менің рухани дүниемді байытып, әдебиетке деген қызығушылығымды арттырып, тілші боламын деген арманымға септігін тигізді. Жазушының әрбір шығармасын оқу, оны насихаттау - біздердің міндетіміз деп білемін.

Мақаламды қорытындылай келе, дүлдүл ақын, жыр Құлагері Ілияс Жансүгіровтың мына сөзі ойыма оралады, «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі, қайдан алсын кемеңгерді...». Сондықтан да Ақсудан түлеп ұшқан ақын, жазушы, күйші, сазгер, би - шешендер мен батырларды ардақтап, насихаттап, мақтан етейік!

**Эльдар НҰРМҰХАН,  
Қ.Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен КММ-нің 10 - сынып оқушысы.**

Наурыз мейрамы - көктем мейрамы және Орталық Азия халықтарының Жаңа жылы. Бұл мереке бірнеше мың жылдан бері аталып келеді.

Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілткен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды.

Наурыз мерекесі жадыраған жазды қарсы алар көктемнің басы болғандықтан, оны қазақтар «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деп те атайды. Бұл бүкіл табиғат ананың тоңы жібіп, жаны кіретін тіршілік басы дегенді білдіреді. Сондай-ақ бұл күні көңілінде кірбіңі барлар татуласады, адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, бұлақ көзін ашады, алдын ала үйін, ауласын кір-

қоқыстан тазартады. Наурызды «жыл басы» деп танығанымен, оның барша болмысын, философиясын жыл алмасумен шектемейді.

Ұлы Абай айтқандай: «...ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызға қыламыз деп, тойтамаша қылады екен». Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе, жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күн жер - жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды



құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады.

Осы орайда Қаракез ауылдық

кітапханашысы 19 наурыз күні оқырмандармен «Ұлыстың ұлы күні - Өз Наурыз» викториналық ойын ұйымдастырды.

Мақсаты - оқырмандарды Наурыз мейрамы туралы түсінік беру; ұлтжандылыққа, дәстүрлерді қастерлей білуге, ұйымшылдылыққа, өнерге баулу және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу.

Биыл елімізде мерекеге демалыс күндері жалғасып, қазақстандықтар Наурыз мейрамын бес күн бойы атап өтуде. Еліміздің түкпір-түкпірінде Наурыз мейрамын атап өтудің мерекелік шаралары басталып та кетті.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын ағайын!

**Б.АБЕЕВА,  
Қаракез ауылдық кітапханашысының БПҰ мүшесі.**

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлады:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, алғаш рет жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 2025 жылдың 14 сәуірінен 25 сәуірі күні қоса алғанда дейінгі уақытта қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2025 жылдың 25 сәуір күні 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2025 жылдың 28 сәуір күні 10 сағат 00 минутта мына мекен-жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сыйқестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің маманданыуына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және 2025 жылғы «28» сәуіріне дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтамалар алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

Table with 6 columns: №, Орналасқан жері, Алаңы, га, Алқап құрамы, Топырақтың сапалық сипаттамасы, Балл бонитеті, Су көздерімен қамтамасыз етілуі, Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы. Row 1: 1, Арасан ауылдық округі, 29,2684, Жайылым, Аз жетілген күңгірт қарақоңырмен 10-30% тау жынысының шығуы, жеңілсаздақты, 7,0, Қажет емес, Мамандандырылған.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

Аккусский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аккусского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 14 апреля по 25 апреля 2025 года. по адресу: (Жетісуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан, 5) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аккусского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 25 апреля 2025 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытие конвертов с конкурсной документацией будет проведена 28 апреля 2025 года в 10 часов 00 минут (Жетісуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан, 5.) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об авторизованных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые Агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных Агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: «28» апреля 2025 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26.

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

Table with 6 columns: №, Местоположение, Площадь, га, Состав угодий, Качественная характеристика почв, Балл бонитет, Водообеспеченность, Сельскохозяйственная специализация региона. Row 1: 1, Арасанский сельский округ, 29,2684, Пастбища, Темно-каштановые малоразвитые с выходами плотных пород 10-30%, легкосуглинистые, 7,0, Не требуется, Специализированный.

Жемқорлыққа қарсы мәдениет



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Алайда, халық парақорлық дертімен жиі бетпе - бет келеді. Сондықтан паразит алу мен пара берудің жолын кесу мақсатында бүкіл қоғам болып белсенділік танытқанымыз жөн. Және де бұл дертпен жүресу үшін бүкіл халық болып атсалысып,оның қоғамға таралуына жол бермеу қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосып, халықтың сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл адамның саналы және

МАМАН КЕҢЕСІ

ЖІТІ БИХАР ПАРАЛИЧ

Полиомиелит (грек. polios - сұр зат және myelitis - жұлынның қабынуы) - негізінен орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жұқпалы ауру. Аурудың қоздырғышы - полиовирус. Полиомиелит кезінде көбіне жұлынның сұр заты зақымданып, ол барлық жүйке жүйесін ауруға шалдықтырады. Ол әсіресе, 2 жасқа дейінгі балаларда көп кездеседі. Бұл ауру жұқпалы инфекция арқылы беріледі, суық тигендегі сияқты мұнда да қызу кетеріледі, құсып, іші өтеді, бұлшық еттері ауырады. Бірнеше күн бойы баланың дені сау сияқты болып көрінеді. Кейде денесінің жартысы әлсіреп сал болып қалады. Мұндай жағдай көбінесе бір аяқта немесе екі аяқта бірден байқалады. Уақыт өткен сайын аяқтың әлсіреп семген жағы жіңішкеріп, екіншісіне қарағанда кемі түседі. Бұл аурумен көбінесе 3 жасқа дейінгі сәбилер жиі ауырады. Полиомиелиттің қоздырғышы ауырған сәбидің нежесі арқылы қоршаған ортаға тарап, бірнеше апта бойына белсенділігін жоймайды. Сондықтан инфекция ластанған ауыз су, жеміс-жидек, көкөніс және шикі сүт арқылы жұғады. Ауру жаздың соңы мен күздің басында өршиді. Аурудың жасырын кезеңі 4-35 күнге созылады. Полиомиелит желдел басталады. Сәбидің дене қызуы 38-39С-қа көтеріліп, жөтеледі, қайта - қайта түшкіріп, тамағы ауырады, кейде іші өтеді. Бұл белгілер 4-5 күннен кейін жоғалып, бір аптадан кейін дене қызуы қайтадан көтеріліп, науқас сәбидің бұлшық еттері, әдетте аяқ-қол бұлшық еттері салдана бастайды (Полиомиелит параличи). Кейде ауру ұзаққа созылып, науқас мүгедек болып қалуы мүмкін. Дерт асқынғанда, орталық жүйке жүйесінің нейрондары зақымданып (Бульбарлы паралич), сәбидің ас жұтуы, тыныс алуы қиындайды, ауа жетпей, тілі күрмеледі. Бұл жағдай сәби үшін өте қауіпті. Аурудың алдын алу үшін Полиомиелитке қарсы вакцина егу керек. Қазіргі кезде вирусы өлтірілген (инактивацияланған) және вирусы әлсіздендірілген, тірі (аттенуацияланған) вакциналар қолданылады. Полиомиелитпен ауырған сәбиді дереу ауруханаға жатқызып, карантин қою, үйді дезинфекциялау қажет. Сал ауруын ешқандай дәрімен үй жайында емдей алмайсыз. (Кейде дәрімен

Салық төлеушілер назарына!

Ақсу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы салық төлеушілерге 12 айдан аз мерзімге меншік құқығында болған тұрғын үйлерді (жеке тұрғын үйлерді, пәтерлерді, гараждарды), жер учаскелерін (жеке тұрғын үй құрылысы, жеке шаруа қожалықтары, бау-бақша) немесе тұрғын емес мүлкті (коммерциялық мүлкті) сату кезінде кірістер (коммерциялық мүліктер) 30-балқа сәйкес: Республиканың Салық кодексі 331, 333, 334 Қазақстан (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Салық кодексі) оң айырма болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 320-бабына сәйкес 10 пайыздық ставка бойынша жеке табыс салығы есептеледі. Ал, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 635-бабының 2-тармағына сәйкес салық міндеттемесі туындайды. Тұрғылықты (болатын) жері бойынша салық органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей кіріс алынған салық кезеңі (270.00-нысан салық есептілігі) туындайды. Сонымен қатар, ЖАТ төлемеген жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін және салықтың әкімшілік іс - әрекеттерді кешіктіргені үшін өсімпұл алынатын шаралары қарастырылған еске саламыз. Есеп беру жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Мемлекеттік кірістер басқармасы 2024 жылға мүлтік кіріс алған барлық салық төлеушілерді салық міндеттемелерін орындауға шақырады. АУДАНЫҚ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

Құттықтаймыз!



қалыптастырудан басталады. Білім кемесіндегі мұғалімдерді жұмылдырып, шәкіртке білім беруді жетілдіріп, жетістікке жетуге ұмтылдыру тағы бар. Шәкіртке білім беру саласындағы барлық талап орындалып, межеден шыға білген Н.Әміренованың лайықты бағасын алды. Жетісу облысы, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», «Білім беру ісінің үздігі», зейнеткер — ұстаз Нұрқүміс Әміренова атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті ашылды. Н.Әміренова 1981 жылы Қаракемер орта мектебіне директорылыққа тағайындалып, аталған білім ұясына 22 жыл басшылық жасады.

1978 жылы Мәскеуде өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық III съезіне Ақсу ауданынан делегат болып қатысып, еліміз ұстаздарының абыройын

асқақтатып қайтқаны қазір бізге аңыз іспетті.

Ендеше, абыз Ақсудың аңыз адамы болған асыл анамызға ақын Ербол Сымхановтың нағыз арнауын арнаймыз.

Ұстаз деген - адамның ғаламаты,  
 Ұстаз болу - бабалар аманаты.  
 Шебер, ұста, мұғалім, үйретуші,  
 Ұстаз деген құдірет баламасы.  
 Кеуде кере мақтанып шәкірті үшін,  
 Езіледі естілсе жаманаты.  
 Бар еңбегін арнайды болашаққа,  
 Ұмыт қалып, отбасы, қара басы.  
 Нұрқүміс Әміреқызы соның бірі,  
 Құрметтеген Ақсудың жамағаты.  
 Адал еңбек ақталып ауданымның,  
 Атандыңыз "Құрметті азаматы".  
 Құрмет тұту ұстазды ізгі міндет,  
 Шәкірттерің тұрады Сізді іздеп.  
 Фибратты саланың - "Білім" деген,  
 Көріңдіз тағы да үздігі боп.  
 Дәл осылай ел - жұртың қолдағанда,  
 "Қартайдым" деген сөзді ойға да алма.  
 Қасқайып төрде отырып сөз сөйлеңіз,  
 Жеңістің 100 жылдығын тойлағанда.

**ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР:**  
**жолдасы - Серікқазы,**  
**қызы - Ардақ.**

ӘКЕ – шаңырақ иесі



Әкелерді мектеппен, қоғамдық ұйымдармен өзара белсенді әрекет етуге тарта отырып, Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құнды, сапалы, білімді, саналы, тәрбиелі, салауатты, рух - жігері шындалған, белсенді тұлға қалыптастыру мақсатында «Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 13 наурыз күні 2 - 9 сыныптар арасында мектептің әкелер жобасы аясында «Әке мен бала» атты сайысы мен Көрісу күні, амал күні деп қос іс - шара өткізілді.

Әке — шаңырақ иесі, отбасындағы орны ерен. Отбасын асырап - сақтау негізінде ер - азаматқа жүктеледі. «Отасасы» деп аталуының себебі де осында болса керек. Үйге табыс кіргізу, бала — шағаны өсіріп - жеткізу ер азаматтың міндеті.

Сайысқа әкесі мен баласы бір топ болып қатысты. Әр топ таныстыру дайындап келді. Сайысқа әділқазылар сайланды. Бала десе елжіреп, еміренбес жүрек болар ма? Жас ұрпақты тәрбиелеп өсіруде ата - аналардың атақаратын қызметі зор. «Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» - деп Ш.Уәлиханов, «Ғылым мен майданның қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі» - деп Қ.Сәтбаев айтып кеткендей еліміздің болашағы тек қана білімді, жастар екені даусыз. Олай болса баланы білімділікке жетілдіруде отбасының алар орны бір бөлек.

Ұрпақ алдындағы аманатты атқаруға келгенде отбасындағы қарым - қатынастың жібі үзіліп қалғаны туралы жиі айтылады. Үзілді дейміз - ау, қазақ ұғымында алып бәйтерекке теңелген төредегі әкенің рөлі босағада сығалап тұрғалы қашан. Бұрын бала өкенің мейірімін, ананың аялы алақанын сезіну керек десек, қазір өз туғанынан күн сайын жәбір көріп жатқан өскелең ұрпаққа отбасындағы әкенің рөлін түсіндіруде тіліміз күрмеліп қалатыны белгілі.

Биыл елімізде келеңсіз оқиғалардың бәрінің басы қасында «Әке - асқар тауым!» - деп сеніп жүрген балалардың сол әкелерден зардап шегіп, құрдымға кеткендігін теледидар арналарынан көріп отырғанымыз ұят - та болса, анық. Оның өзі отбасы құндылығының құлдырап, бала болашағына бас ауыртатын емес, балта шауып жатқан отбасындағы жағдайдың ушығып тұрғанын көрсетеді. Бұл мәселе теңірегінде айтпаған ұсыныс, өзгертілмеген заңнама, қолға алынбаған жоба қалмады. Сол себептен бала тәрбиесіндегі ата - ана жауапкершілігі мен еке институтын қалыптастыру тақырыбына жиі оралуға мәжбүрміз. Бүгінгі «Әке мен бала» атты іс - шарада «Әке институтын қалыптастыру отбасындағы зорлық - зомбылықты азайтып, ұрпақ тәрбиесін ұқыптылықпен қарауға шақыра ала ма?» - деген оймен видеоролигтер арқылы жас буынның жүректеріне жетуге тырыстық.

**С.САПИРОВА,**  
**«Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мұғалімі.**

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2024 жылғы жұмыс қорытындысы

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2024 жылы 89 аудиторлық іс-шара өткізді. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 13 511,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде: 6 318,0 млн. теңгеге қаржылық бұзушылықтар; рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 7 193,7 млн. теңге.

Қаржылық бұзушылықтардың белгіленген сомасынан - 597,6 млн. теңге өтелуге жатады, оның ішінде 161,5 млн.теңге өтелді; 726,3 млн. теңге сомасына қалпына келтірілуге, оның ішінде 297,5 млн. теңге қалпына келтірілді және есепке алу бойынша көрсетілуге - 4 994,1 млн. теңге.

Өткізілген 23 мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкестік аудитінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 1 098,0 млн. теңгеге 55 мемлекеттік сатып алу рәсімі қамтылды, онда мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 1 081,6 млн. теңге сомасына 51 рәсім бойынша қорытындыларға әсер етті.

Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген жауапты тұлғаларды қарау мақсатында аудит объектілеріне 87 нұсқама жіберілді, оның ішінде 72 нұсқама орындалды, 4 материал бойынша қылмыстық істер қозғалды.

2024 жылы Прокуратураның талабы бойынша Департамент қызметкерлері мамандар ретінде тексерулерге тартылды, олар бой-

ынша 33 қорытынды жасалып, жалпы сомасы 679,6 млн.теңгеге бұзушылықтар анықталды.

Сонымен қатар қаражатты басқарудың ашықтығын арттыру және нақты уақыт режимінде ықтимал бұзушылықтарды жедел анықтау мақсатында жалақы төлеу бойынша онлайн мониторинг жүргізілді оның қорытындысы бойынша:

- 23,0 млн. теңгеге 24 тәуекел төлемі бойынша бұзушылықтар расталған жоқ;
- 3,4 млн. теңгеге 4 тәуекел төлемі бойынша бұзушылықты жоюға хабарламалар жолданды.

**Ж.ШАЙМЕРДЕНОВ,**  
**жоспарлау, талдау, есеп беру және сапаны бақылау бөлімінің басшысы.**

Жемқорлықпен күрес - қоғам талабы

Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, мықты мемлекет – жемқорлықсыз мемлекет. Бүкіл әлемде сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Әкінішке орай, сыбайлас жемқорлық біздің қоғамның да ауыр дерті болып отыр.

Заң талаптарын мүлтіксіз орындау - сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басты шарты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруымен, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуімен қатар, басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс. Бұл нормалар қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым - қатынастың жоғары мәдениетін

және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлқы жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Жыл сайын аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасында іс-шаралар жоспарына сәйкес және жоспардан тыс сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің әдебі бойынша құқықтық оқытулар, семинарлар ұйымдастырылып өткізіледі. Масс-медиада жемқорлықтың алдын алу тақырыбында мақалалар үнемі жарияланады.

Барлық тексерулер халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тексерулер



жүргізу графикасына сәйкес және жоспардан тыс жүргізіледі. 2024 жылы тексерулер нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға 5 851 820 теңге көлемінде 43 айыппұл салынды.

Мемлекеттік қызмет көрсету «Е-лицензиялау» РД порталы арқылы электронды түрде жүзеге асырылады, жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы қаралады.

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес, мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендететін, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін кесел. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесіп әрекет етуі керек.

**Арна ЕЛУБАЕВА,**  
**аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының заңгері.**

**"АҚСУ Өңірі"**  
**Меншік иесі - ЖШС**  
**"Ақсу өңірі" газеті"**  
**Құрылтайшы, директор -**  
**бас редакторы**  
**ҚАСЫМБЕКОВА**  
**ЛӘЗЗАТ**  
**ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІң МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
 Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488  
 Осы шығарылымның таралымы 2819

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru  
 Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 66750  
 Оффсеттік басылым көлемі 26 т.